

Қабілетті оқушылар: анықтау – оқыту – дамыту




**Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік
Стандраттар деңгейінде сапалы
білім беру қызметі көрсетуге қол
жеткізуіміз керек.**


**Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан
халқына жолдауы**

“Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан”

Астана, 2007 жыл 28 ақпан



Оқыту үрдісінде кездесетін қиындық – қабілетті оқушы және олардың икемділігін әрі қарай арттыру жолдары



Қабілетті оқушымен жұмыс жүргізуді неден бастау қажет?

Қабілетті оқушыларды анықтау;

Ата анасымен байланыс жасау;

Қабілетті оқушылардың бойындағы ерекшеліктерді білу.



Ойлау ерекшелігі:

Шапшаң ойлау, тез нәтижеге жету, тез ілгерілеу;

Әдеттен тыс қызығушылық, сауалды көп қою, “неге?”, “не үшін?” деген сұрақтарды көп қойып, жауап іздеудегі үлкен талабы;

Көп көлемді білімді меңгеру, ұмытпау, есте сақтау қабілеттінің жоғары болуы.

Ішкі сезім ерекшелігі:

Сезім мүшелерінің ерекше қабылдауы (сезім, түс);

Интеллектуалдық дамуда ерекше бір ілгерілеу шапшаңдығы (ойлауы, байқағыштығы өте жоғары, білімге, жаңалыққа құмар, оқу жеңіл, өз ойын жақсы жеткізе алады, алған білімдерін кез келген уақытта еске түсіріп, пайдалана алады, құрдастарынан көп біледу);

Жан дүниесінің тереңдігі;

Кейбір пәндер бойынша өте үздік үлгірім таныту.


Әлеуметтік тұрғысының ерекшелігі

- өз талап-тілектерін орындау,
- адамгершілік мәселесінде ерте даму; жоғары дәрежедегі әділдік сенімі.



Академиялық түрғыдағы қабілеттілік аясында:

оқуда - есте ұзақ сақтап, жаңғырта алады;
математика пәнінде оқушы өлшеу, сызу,
математикалық ұғымдар арасындағы
байланыстарды ашуға берілген
тапсырмаларды зор қызығушылықпен
орындап, математикалық белгілерді есте
сақтап, өздеріне қажет жағдайда қолдана
алады;



қоршаған дүниені танып – білуде сұрақтар қояды, заттардың пайда болуы, құбылыстар туралы зерттейді, тәжірибе жасайды, арасындағы қарым қатынасты жақсы түсініп, өзіндік жаңалықтар ашады; шығармашылық жұмыстарда мәселені өз бетімен шеше алады, көбінесе өзі тың нәрсе жасайды, көркемдік қолданбалы еңбекте заттарды өзі жасап, аяқтайды.

Қабілетті оқушының бойындағы қажеттілік пен қабілетті қалыптастырып, дамыту, белсенділігін арттыруды жалпыға білім беру жағдайында қалай жүзеге асыруға болады?

Бағдарламасын игеруде:

- 1. Ең басты мәселені шешуде тереңдете отырып оқытуды қалыптастыру.**
- 2. Ойлаудың өнімді түрін, яғни оқиғанын өмірде пайдалана алу дағдысын дамыта отырып, алған білімі арқылы жаңаны ойлап табуға бағытталған жұмыс түрлері.**

- 3. Үнемі жаңалық арқылы дамытуға, алатын білімге деген күштарлығын арттыруға бағытталған жұмыс түрлерін қолдану.**
- 4. Өздеріне қажет білім көздерінің жеткілікті болуына және оларды дұрыс пайдалана алуын қамтамасыз ету.**
- 5. Проблемаға жоғары сезімталдықпен қарау жаттығулары.**
- 6. Оқушының басқа адамдармен қоршаған ортамен байланысы.**
- 7. Сыныптан тыс жұмыстар, үйірмелер, жарыстар, зерттеулер.**
- 8. Шығармашылық, зерттеу жұмыстары.**

Қабілетті оқушымен зерттеу жұмысын жүргізгенде ескертін мәселелер:

- оқушыға қызықты болып, оны қызықтыруын; шешімі болуын, зерттеушілерге ол тақырыптың пайдасы болуын;
- кездейсоқ, таңқалдыратын, күтпеген жағдаяттар кездесетіндей, оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, өзіңіз талдай алатын, өзіңізді осы тақырып төңірегінде дарындымын деп есептей алатын орта туралы;
- жұмыс тез аяқталатын болуына назар аудару қажет.

Қабілетті оқушылардың интеллектуалдық даму деңгейі өте жоғары, қабілетті, жеке басынның дамуында ерекшелігі бар болғандықтан, біздің міндетіміз қолымыздан келетін мүмкіндіктер арқылы олардың кез келген пайдалы ортадан табылуына көмектесу.

Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

- Өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білуі;
- Оқушының дарындылығының моделін білуі;
- Дарынды оқушыларды анықтаудың психодиагностикалық әдісін білуі;
- Дарынды оқушының ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс істейтін тапсырмалар дайындай білу.

Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:

- **Оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;**
- **Дарынды оқушыны зерттеуге психодиагностикалық күнделік жүргізу;**
- **Оқытудың инновациялық технологияларын қолдану;**
- **Дарынды оқушының ғылыми – ізденіс жұмыстарымен айналысуына жекетшілік ету;**
- **Дарынды оқушының ата – анасына әр түрлі педагогикалық – психологиялық тапсырмалар беру.**

Педагогтарға қойылатын талаптар:

- Мұғалімнің бағыт – бағдарына қойылатын талаптар;
- Дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі;
- Оқушыны жақсы көруі және қабілеті жоғары оқушымен жақсы қарым –қатынаста болуы;
- Дарынды оқушымен талмай ізденуі;
- Дарынды оқушының ата –анасымен қарым – қатынаста болуы.

Жетекшілік дарыны:

- Өзіне өзі сенімділік;
- Басшылық топ құру;
- Жоғарғы дәрежедегі әділдік сезімі;
- Еркіндікті қалау;
- Ар намысты сезінуі;
- Қайырымдылықты жоғары түсінуі.

Шығармашылық дарыны:

- Алға қойған мақсатқа ұмтылуы;
- Тапсырған немесе ойға алған тапсырманы өз бетімен орындауға ұмтылысы;
- Мақсат қоя білуі;
- Батылдық, айнымастық қасиет;
- Қалаған ісіне сүйіспеншілік;
- Дарынды оқушымен жұмыста жоғары нәтижеге жетуге ұмтылуы.

Ойлау ерекшеліктері:

- Болжай білуі;
- Әр нәрсені білуге құштарлығы;
- Байқампаздық қасиет;
- Өз білімін жетілдіруге икемдік;
- Шығармашылық;
- Өзіндік пікірлер мен шешімдер шығару;
- Абстракттілі, логикалық және конвергенттік ойлау;
- Көп көлемде білімді меңгеруі;